

БӨЛІМ: ЭССЕ

"Ұлттық қолөнер асыл қазынам"ЖАРИЯЛАНДЫ
22.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/67911/>**«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық іске асыруға бағыталған бойынша****«Қолөнер — асыл қазынам» атты көрменің**

18.03.2020 күні Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру орталығында ұйымдастырған іс-шарасында «Қолөнер — асыл қазынам» атты сәндік өнер көрме өткізілді. Көрменің негізгі мақсаты — ұлттық құндылықтарды, қол өнерді дәріптеу, салт-дәстүрді дамыту, ұлықтау және оқушылар арасында қолөнерді, бейнелеу шеберлік өнерді түрлерін насихаттау болып табылады. Ұлттық қолөнер – атадан балаға жалғасқан рухани мол мұрамыз. Оны дамытып, дәріптей білсек – рухани жаңғыруда қол жеткізбен табысымыз болмақ. Іс-шараға «Шебер қолдар» мен «Асыл қазына мұрасы» үйірмелерінің шеберлері де қатысып, өз туындалыран паш етті. Оқушылардың қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрі мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім алуға, еңбек етуге үйрету қажет. Осы орайда қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баули отырып, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше. Халқымыздың тұрмыста жиі қолданатын өру, тігу, тоқу, моншақпен әрлеу, бисермен жұмыс сияқты қолөнер түрлерінің әрқайсысының талай ғасырлық тарихы бар. Міне осындай халқымыздың ежелден тұтынатын қолөнер түрлерін дәріптеу аясында қосымша білім беру орталығында «Қолөнер- асыл қазынам» атты көрме ұйымдастырылды. Қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету, оқушыларды әсемдікке баули отырып, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеуді мақсат еткен көрмеге Мысалы: айта кетсек «Жас шеберлерде» үйірмесінде белсене қатысқан Ахметжан Мерей, Қапар Дильназ, Бақытжан Әсем, Серік Әділет, Каненова Алтынай, Қадыр Нұрали және «Асыл қазына мұрасы» бойынша Бәшір Нұрзат, белсенділік табылды. Төрт кезеңнен тұрған жарыста жүн сабау, жүнді шиге салу,

текеметке түр салу, оларды орналастыру, ұршық иіру тапсырмалары берілді. Қатысушылардың ұлттық өнерге деген ықыластары ерекше болды.

«Шебер қолдар» үйірмесінің мүшесі:

Қапар Дильназ Нұрлыбекқызы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.